



Автор: Байтымбетова Гаухар Курманалиевна
Пән: Математика
Сынып: 3-сынып
Бөлім: Аудан. Шамалар
Тақырып: Шамалар арасындағы тәуелділік

Сабаққа негізделген оқу мақсаты:	3.1.3.3 шамалар мәндерін: ұзындық (мм, см, дм, м)/ масса (г, кг, ц, т)/ көлем (сыйымдылық) (л)/ аудан (см ² , дм ² , м ² ,)/ уақыт (сек, мин, сағ, тәул, жыл, ғасыр) өлшем бірліктерін салыстыру және амалдар орындау
Бағалау критерийлері:	Ауданды қалай өлшеу керек екенін біледі; Өлшеу нәтижелерін дұрыс жаза алады;
Тілдік мақсаттар:	Тілдік дағдылар: Шамалар арасындағы тәуелділікті қалыптастырады: баға, құн, сан. Терминология: Шамалар арасындағы байланыс, сызба, қысқаша жазбалар. Сөз тіркестері: БАҒА, САН, ҚҰН туралы түсінік. Талқылау: Түсінік деген не? Басқа екі шаманы біліп тұрып, бір шаманы қалай табуға болады? Жазылым: сызба, қысқаша жазба, шешім, есептің жауабы
Құндылықтарды дарыту:	Отбасы мүшелерін құрметтеу, сыйлау.
Пәнаралық байланыстар:	Жаратылыстану.
Алдыңғы оқу/ Бастапқы білім:	Аудан түсінігі.

Сабақ барысы

Сабақ кезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Басталуы: (5мин.)	Ынталандыру. – Сіз бір нәрсе сатып алдыңыз ба? – Қандай ақшалар мен тиындарды білесіздер? – Қайтқан ақшаны санадыңыздар ма? – Дүкенде математика сабағында алған білімің қажет пе? 1-тапсырма: кітаптағы суреттерді қарап, 500 теңгеге өздері сатып ала алатын тағамдарды таңдайды, жалғасы суретте.	Сандар жазылған қима қағаздар

Сабақкезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Ортасы: (20мин.)	<p>Өзектендіру.</p> <p>Оқушыларға ойыншық ақшалар мен тиындар таратылады, топпен «Дүкен» ойынын ойнау ұсынылады.</p> <p>Математикалық диктант 60 санына 2 мен 3 сандарының көбейтіндісін қос; $(60+2*3=66)$ 48 санынан 4 пен 2 сандарының көбейтіндісін азайт; $(48-4*2=40)$ 6 мен 2 сандарының көбейтіндісін 3- ке бөл; $(6*2/3=4)$ 100-ден 2 мен 10 сандарының көбейтіндісін азайт; $(100-2*10=80)$;</p> <p>Өзектендіру</p> <p>1-тапсырма: берілген суреттерді қарап, әр алаңға салу үшін қанша тақтатас кететінін санайды. Мақсат қою (мәселелі жағдаят) 2-тапсырма: кестені толтырады. Бір кәмпиттің бағасы мен сатып алынған заттардың жалпы сомасы белгілі. Осы ақшаға қанша кәмпит алынғанын анықтайды. Өзіндік жұмыс</p> <p>Оқушылар тәжірибелік жұмысты орындайды.</p> <p>2-(а) тапсырмада – тіктөртбұрышта қанша қатар бар екенін, бір қатарда қанша торкөз барын, тіктөртбұрышта, квадратта қанша торкөз барын санайды.</p> <p>2-(ә) тапсырмада – тіктөртбұрышта қанша баған бар, квадратта қанша баған барын, барлығында қанша баған барын санайды. Оқушылар санаудың екі әдісінің нәтижесін салыстырады.</p> <p>3-тапсырмада оқушылар өрнектің мәнін есептеп шығарады, сандық өлшемдермен ұсынылған, ауызша көбейту алгоритмін сақтай отырып, өрнектің қосындысы мен айырымын, көбейту кестесін білетіндер көбейту мен бөлу амалдарына арналған білімді пайдаланады.</p> <p>Түсіндіре отырып алғашқы бекіту.</p> <p>6-тапсырма: жұппен орындайды, сызба суреттен есеп құрастырады, есептерді шығарады, өз шешімдерін бір-біріне түсіндіреді.</p> <p>8-тапсырма: топта орындайды. Топтағы әр оқушы бір сатып алудың сомасын біледі және тапсырмадағы берілген кесте бойынша есеп құрастырады.</p> <p>Өткенмен жұмыс</p> <p>9-тапсырма: зерттеушілік қасиетті талап етеді. Оқушылар тиынның өтірік екенін білу үшін оның салмағын өлшеу керек, ол өте жеңіл болады. Барлығы 8 тиын. Оқушылар өздерінің тұжырымдамасын: Алғашқы өлшеу кезінде таразының әр басында 4 тиыннан бар, ең аз салмақты 4 тиынды таңдайды. Екінші өлшеу кезінде таразының әр басында 2 тиыннан, ең аз салмақты 2 тиынды таңдайды. Үшінші өлшеу кезінде 2 тиынды өлшейді, ең жеңілі өтірік тиын.</p>	
Аяқталуы: (2мин.)	<p>Рефлексия.</p> <ul style="list-style-type: none"> - Сабақта ең маңыздысы не болды? - Не қызықтырды? - Бүгін сабақта алған білімің қай жерде іске асуы мүмкін? 	